



Ғылыми мақала / Research Article

МРНТИ / IRSTI 03.41.01

<https://doi.org/10.32523/3080-129X-2025-152-3S1-10-31>

Genesis of Kazakh jewelry art: history, development, and cultural influence

G. Bilyalova^a✉, A. Aitbaeva^b^aBranch of the A. Margulan Institute of Archaeology, Astana, Kazakhstan^bA. Margulan Institute of Archaeology, Almaty, Kazakhstan

✉gulzat_84@inbox.ru

Abstract. The article examines the evolution of Kazakh jewelry art from its early stages to the present day, emphasizing its historical roots, cultural continuity, and symbolic meaning. Jewelry traditions in Kazakhstan developed under the influence of historical processes, cultural exchanges, and religious beliefs. Particularly significant were the Scythian animal style and the Hun-Sarmatian polychrome style, which enriched artistic practices with zoomorphic, plant, and geometric motifs. Later, Islamic culture introduced new artistic directions and transformed the symbolic system of jewelry. The research is based on archaeological and ethnographic sources, as well as museum collections (National Museum of the Republic of Kazakhstan, Central State Museum, Sh. Ualikhanov Museum “Altyn Emel,” and the State Reserve Museum “Esik”). Archaeological evidence includes golden artifacts from burial mounds in Esik, Katartobe 1, and Koktuma (Almaty region). Ethnographic materials reveal the technological features of jewelry-making, decorative compositions, and their symbolic functions. In Kazakh culture, jewelry has always been more than adornment. It served as a carrier of social status, spiritual values, and protective functions. Ornamental designs and animal images reflected the worldview of the people, their connection to nature, and their understanding of life and society. Retaining aesthetic expressiveness and philosophical depth, Kazakh jewelry art has preserved continuity across centuries, becoming a vital element of cultural heritage. Precious metals such as gold and silver have been known in Kazakhstan since ancient times. Archaeological finds indicate their use as early as the Bronze Age, when metallurgy reached a high level, enabling the creation of both utilitarian and decorative items. Jewelry and ritual objects from this period reflect the technological skill and artistic imagination of ancient peoples. Earrings, bracelets, rings, and diadems made of gold and silver, discovered at archaeological sites, testify to the dual role of jewelry as ornament and symbol of power, wealth, and spirituality. In funerary contexts, precious metal items played a ritual function, serving as protection for the deceased and as symbols of passage to the afterlife. Their use illustrates the deep interconnection of art, social structure, and spiritual beliefs. These practices, evolving over time, formed the foundation of a distinctive jewelry tradition that continues to hold cultural significance. Thus, Kazakh jewelry art embodies a synthesis of ancient artistic styles, technological achievements, and spiritual values, preserving its heritage while adapting to new cultural influences.

Keywords: jewelry art; Saka animal style; polychrome style; Islamic culture; floral motifs; evolution forms

For citation: Bilyalova G., Aitbaeva A. Genesis of Kazakh jewelry art: history, development, and cultural influence. *Gumilyov Journal of History*. 2025. Vol.152, no.3S1, pp.10-31. <https://doi.org/10.32523/3080-129X-2025-152-3S1-10-31>

Funding. The article is implemented with grant funding from the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan under the project titled AP22786586 «Metal jewelry of women from the early Iron Age of Zhetysu to the ethnographic period: similarities and continuity»

Генезис казахского ювелирного искусства: история, развитие и культурное влияние

Г. Билялова^а, А. Айтбаева^б

^а*Филиал Института археологии им. А.Х. Маргулана, Астана, Казахстан*

^б*Институт археологии им. А.Х. Маргулана, Алматы, Казахстан*

Аннотация. Статья посвящена исследованию эволюции казахского ювелирного искусства от ранних этапов его формирования до современности. Анализируются ключевые факторы, повлиявшие на становление и развитие ювелирной традиции, включая её связь с историческими процессами, а также воздействие различных культурных и религиозных влияний. Особое внимание уделяется влиянию сакского звериного стиля и хунно-сарматского полихромного стиля на художественную практику, а также взаимодействию геометрических, растительных и зооморфных мотивов, присущих казахскому ювелирному искусству. Исследуется влияние исламской культуры на формирование новых художественных направлений и трансформацию образной системы. Методологическая база исследования включает археологические и этнографические источники, а также материалы музейных коллекций (Национального музея Республики Казахстан, Центрального государственного музея РК, Мемориального музея им. Ш. Уалиханова «Алтын Емел», Государственного историко-культурного музея-заповедника «Есік»). В качестве археологических данных рассматриваются золотые изделия и украшения, обнаруженные в курганах Иссык, Катартобе 1, Коктума (Алматинская область). Этнографический анализ позволил выявить особенности народного декоративно-прикладного искусства, технологии изготовления ювелирных изделий и их символическую нагрузку. Ювелирные изделия в казахской культуре выступают не только элементами украшения, но и важными носителями социального, духовного и религиозного содержания. Орнаментальные композиции и изображения животных отражают мировоззрение народа, его отношение к природе, жизни и обществу. Сохранив философскую глубину, эстетическую выразительность и культурную преемственность, казахское ювелирное искусство донесло свои художественные традиции до настоящего времени, являясь значимым элементом культурного наследия. Драгоценные металлы, такие, как золото и серебро, были известны на территории Казахстана с древности, и археологические находки свидетельствуют о том, что местные племена начали использовать их уже в эпоху бронзы. Металлургия в этот период достигла значительного уровня развития, что позволило древним народам создавать не только утилитарные, но и декоративные изделия, такие, как украшения и ритуальные предметы, отражающие высокий художественный и технологический потенциал этого времени. Одним из важнейших аспектов

использования драгоценных металлов было создание украшений. Эти изделия выполняли не только декоративную функцию, но и служили символами социального статуса, силы, богатства и духовности. Например, золотые и серебряные украшения, такие, как серьги, браслеты, кольца и диадемы, были найдены в различных археологических памятниках Казахстана. Они часто использовались в ритуальных контекстах, особенно в погребальных обрядах, где драгоценные металлы служили как средство защиты для умерших и как символ их перехода в иной мир. Использование драгоценных металлов в таких изделиях не только отражает эстетические предпочтения и технологические достижения того времени, но и указывает на тесную связь между искусством и духовными ценностями, которые определяли мировоззрение древних народов Казахстана. Эти культурные практики и символизм, продолжавшие развиваться в последующие исторические периоды, стали основой для формирования уникальной ювелирной традиции, сохранявшей свою значимость на протяжении тысячелетий.

Ключевые слова: ювелирное искусство; сакский звериный стиль; полихромный стиль; исламская культура; растительные мотивы; эволюция форм

Қазақ халқының зергерлік өнерінің генезисі: тарихы, дамуы және мәдени ықпалы

Г. Билялова^а, А. Айтбаева^б

^аӘ.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының филиалы, Астана қ., Қазақстан

^бӘ.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Алматы қ., Қазақстан

Андатпа. Бұл мақала қазақ зергерлік өнерінің алғашқы қалыптасу кезеңдерінен бастап бүгінгі күнге дейінгі эволюциясын зерттеуге арналған. Зергерлік дәстүрдің қалыптасуы мен дамуына әсер еткен негізгі факторлар, оның тарихи үдерістермен байланысы, сондай-ақ түрлі мәдени және діни ықпалдар талданады. Ерекше назар сақ дәуірінің «аң нақышындағы» өнері мен ғұн-сармат кезеңінің полихромды стилінің көркемдік практикаға ықпалына, және де қазақ зергерлік өнеріне тән геометриялық, өсімдік тектес және зооморфты өрнектердің өзара байланысына аударылады. Ислам мәдениетінің жаңа көркем бағыттарының қалыптасуы мен бейнелік жүйенің трансформациясына әсері зерттеледі. Зерттеудің әдістемелік негізін археологиялық және этнографиялық деректер, музейлік қорлар материалдары құрайды (ҚР Ұлттық музейі, ҚР Орталық мемлекеттік музейі, Ш. Уәлиханов атындағы «Алтын Емел» мемориалдық музейі, «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы және т.б.). Археологиялық дереккөздер ретінде Есік, Қатартөбе-1, Көктұма (Алматы облысы) қорғандарынан табылған алтын бұйымдар мен әшекейлер қарастырылады. Этнографиялық талдау халықтық сәндік-қолданбалы өнердің ерекшеліктерін, зергерлік бұйымдарды дайындау технологиясын және олардың символикалық мағынасын анықтауға мүмкіндік берді. Қазақ мәдениетіндегі зергерлік бұйымдар тек сәндік элемент қана емес, бір мезгілде әлеуметтік, рухани және діни мазмұнды білдіретін маңызды нышан ретінде көрініс табады. Әшекейлердегі ою-өрнектер мен жануар бейнелері халықтың табиғатқа, өмірге және қоғамға деген көзқарасын бейнелейді. Философиялық тереңдігі мен эстетикалық көркемдігін сақтай отырып, қазақ зергерлік өнері өз көркемдік дәстүрлерін бүгінгі күнге дейін жеткізіп, халықтың мәдени мұрасының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Қазақстан аумағында алтын мен күміс сияқты бағалы металдар ежелден белгілі болды және

археологиялық табыстар жергілікті тайпалардың оларды қола дәуірінен бастап пайдалана бастағанын дәлелдейді. Осы кезеңде металлургия айтарлықтай дамыды, бұл ежелгі халықтарға тек утилитарлық емес, қоса алғанда сәндік бұйымдар мен ритуалдық заттар жасауға мүмкіндік берді. Бұл заттар сол дәуірдің жоғары көркемдік және технологиялық әлеуетін көрсетті. Бағалы металдарды пайдаланудың ең маңызды аспектілерінің бірі – сәндік бұйымдар жасау болды. Бұл заттар тек сәндік қызмет атқарған жоқ, осыған қоса әлеуметтік мәртебе, күш, байлық және руханилықтың символы ретінде қызмет етті. Мысалы, алтын мен күміс әшекейлер, оның ішінде сырғалар, білезіктер, сақиналар және диадемалар Қазақстанның әртүрлі археологиялық ескерткіштерінен табылған. Олар жиі ритуалдық контекстерде, әсіресе жерлеу рәсімдерінде қолданылды, мұнда бағалы металдар марқұм адамдарды қорғаудың құралы және олардың басқа әлемге өтетінінің символы ретінде қызмет атқарған. Бағалы металдарды осындай бұйымдарда пайдалану тек сол кезеңнің эстетикалық талғамдары мен технологиялық жетістіктерін ғана емес, бұдан бөлек өнер мен рухани құндылықтар арасындағы тығыз байланысты көрсетеді, бұл құндылықтар ежелгі қазақ халықтарының дүниетанымын анықтады. Бұл мәдени тәжірибелер мен символизм, кейінгі тарихи кезеңдерде дамуын жалғастырып, мыңдаған жылдар бойы маңыздылығын сақтаған ерекше зергерлік дәстүрдің қалыптасуына негіз болды.

Түйін сөздер: зергерлік өнері; сақтардың аң стилі; полихромды стилі; ислам мәдениеті; өсімдік мотиві, формалардың дамуы

Сілтеме жасау үшін: Билялова Г., Айтбаева А. Қазақ халқының зергерлік өнерінің генезисі: тарихы, дамуы және мәдени ықпалы. *Gumilyov Journal of History*. 2025. Vol.152, no.3S1, 6.10-31. <https://doi.org/10.32523/3080-129X-2025-152-3S1-10-31>

Kіpіcne

Қазақ халқының зергерлік өнері – еліміздің материалдық және рухани мәдениетінің айқын көрінісі болып табылады. Бұл өнер түрі ғасырлар бойы қалыптасып, дамып, қазақ халқының дүниетанымын, эстетикалық көзқарастарын, өмірлік құндылықтарын айшықтайтын маңызды элементке айналған. Қазақтың дәстүрлі зергерлік өнері әр кезеңде, түрлі тарихи ықпалдар мен мәдени дәстүрлердің әсерімен үздіксіз дамыды, оның ішінде көшпелі өмір салты, Ұлы дала аймағының географиялық ерекшеліктері, сонымен бірге басқа мәдениеттермен және діни жүйелермен байланысы маңызды рөл атқарды.

Зергерлік өнердің терең тарихи тамырлары бар, оның түп-тамыры сақ, үйсін, ғұн, қаңлы сияқты ежелгі тайпалардың өнерімен тығыз байланысты. Олардың тұтыну мәдениеті мен көркемдік дәстүрлері кейінгі дәуірде де жалғасын тауып, қазақ халқына тән зергерлік бұйымдардың түрлері мен техникасының қалыптасуына әсер етті. Сонымен қатар, қазақтың зергерлік өнері өзіне тән символизм мен философиялық мәндерге ие болды. Бұйымдардағы ою-өрнектер мен бейнелер адамның дүниетанымын, табиғатқа деген көзқарасын, қоғамдағы орнын түсіндіруге бағытталған.

Қазіргі уақытта қазақ зергерлік өнері өз дамуының жаңа кезеңінде тұр, оның дәстүрлері мен ерекшеліктерін зерттеу, оны сақтап, әрі қарай дамыту маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Осы өнердің қалыптасу процесін зерттеу арқылы біз қазақ халқының

рухани және материалдық мәдениетінің дамуын тереңірек түсінуге мүмкіндік аламыз. Сондықтан да зергерлік өнердің әртүрлі тарихи кезеңдердегі эволюциясы, оның мәдени, әлеуметтік және діни ықпалдармен байланысы, жаңа технологиялар мен әдістердің енгізілуі зерттеудің өзекті бағыттары болып табылады.

Зергерлік өнердің қазақ халқының дүниетанымындағы маңызын тереңірек ұғыну мақсатында тарихи деректер мен археологиялық қазбалардан алынған материалдар негізінде зерттеу жүргізіледі. Зергерлік өнердің даму тарихы мен оның мәдениеттегі орны халықтың өміріндегі маңызды факторларды көрсетеді, сондықтан да бұл өнер түрін зерттеу – қазақ халқының мәдени мұрасын сақтап, оны болашақ ұрпаққа жеткізудің маңызды бір қадамы болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу барысында қазақ халқының зергерлік өнерінің даму тарихы археологиялық, этнографиялық деректер және мұражайлық қорларының деректері негізінде қарастырылды (ҚР Ұлттық музейі, К.А. Ақышев атындағы археология ғылыми-зерттеу институты, ҚР Орталық мемлекеттік мұражайы, Ш. Уәлиханов атындағы «Алтын емел» мемориалдық музейі, «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы және т.б.). Археологиялық деректер ретінде жетісуде орналасқан Есік, Қатартөбе 1, Көктума қорғандарынан табылған алтын бұйымдар мен әшекейлер қарастырылды. Этнографиялық зерттеулер барысында халықтық өнердің сипаттамалары, зергерлік бұйымдардың жасалу әдістері мен олардың символикалық мағынасы талданды.

Зерттеу әдістері ретінде салыстырмалы талдау, археологиялық контекстті талдау және этнографиялық әдістер қолданылды. Салыстырмалы талдау арқылы зергерлік өнердің түрлі стильдерін, оның ішінде сақтардың «аң нақыштағы өнері» мен ғұн-сарматтардың «полихромды стильді», салыстыру арқылы олардың даму ерекшеліктері анықталды. Көркемдік талдау зергерлік бұйымдардың эстетикалық ерекшеліктері мен стилін зерттеуге бағытталды.

Нәтижелер

Зерттеу барысында қазақ зергерлік өнері жөніндегі жазба дереккөздердің кең хронологиялық ауқымды қамтитыны анықталды. Ежелгі антикалық кезеңнен бастап Геродоттың б.з.д. V ғасырдағы еңбектерінен бастап жаңа дәуірге дейінгі С.М. Дудиннің XX ғасырдың басындағы еңбектеріне дейінгі авторлардың зерттеулерінде қазақ даласындағы сәндік-қолданбалы өнер, әсіресе зергерлік бұйымдар туралы жүйелі мәліметтер берілгені белгілі болды.

Ортағасырлық дереккөздер, яғни Марко Поло мен Фазлаллах ибн Рузбиханның еңбектері зергерлік дәстүрлердің географиялық таралуы мен сауда жолдарымен байланысын, сонымен қатар олардың этномәдени контексте қалыптасу ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік берді.

XVIII-XIX ғасырлардағы этнографиялық еңбектер, атап айтқанда И.Г. Георги, Е.П. Ковалевский, Ш.Ш. Уәлиханов, Г.Н. Потанин және басқа зерттеушілердің жазбалары қазақ зергерлік бұйымдарының типологиялық әртүрлілігі мен олардың әлеуметтік-

функционалдық маңызын ашып көрсетті. Аталған дереккөздерде диадема, самайға тағылатын салпыншақтар, сырға, алқа, тұмарша сынды әшекей түрлерінің өңірлік ерекшеліктері мен көркемдік стилі нақты сипатталған. Осыған қоса, бұл жазбаларда қолданылған негізгі материалдар (күміс, алтын, асыл тастар) мен өңдеу техникалары (зерлеу, оймыштау, қондыру) туралы да құнды мәліметтер келтірілген. Неміс этнографы И.Г. Георги өз еңбегінде қазақ әйелдерінің зергерлік бұйымдары туралы келесі мәліметті қалдырған: «Олардың (қазақтардың) әйелдері өте сәнді киінеді. Бастарына көбіне биік төбелі бөрік киеді, ол түрлі-түсті шұғамен, барқытпен немесе паршамен қапталады, төбесі құс қауырсынынан немесе құндыздың құйрығынан жасалған. Бөріктің екі жағында иыққа дейін жететін ұзын күміс шынжырлар ілінеді, оларға маржан, көгілдір ақық және басқа да моншақтар тағылған. Құлақтарында – үлкен күміс сырғалар, төсінде – жалпақ күміс өңіржиек, білектерінде – кең білезіктер болады. Бұлардың бәрі қараланған күмістен жасалып, ақықпен безендіріледі. Бұл әшекейлер ауыр болғанымен, әйелдер оларды үлкен ықыласпен және талғаммен тағады» (Георги 1799).

Жинақталған мәліметтер қазақ зергерлік өнерінің полихромдық стильмен сабақтасқанын, оның көркемдік жүйесінде геометриялық нақыш, символикалық кодтар мен діни-ритуалдық мәннің маңызды орын алатынын көрсетті. Бұл деректер ұлттық зергерлік дәстүрдің тарихи дамуын, әлеуметтік ролін және мәдени болмысын жан-жақты сипаттауға негіз болды.

Жалпы қазақ зергерлік өнері бойынша XX ғ. басына дейін жүйелі зерттеулер мен басылымдардың жоқтығын айтып кеткен жөн, сондықтан әдебиеттерде әшекейлердің тек қысқаша сипаттамалары берілген.

Қазақтың дәстүрлі зергерлік бұйымдарының негізгі зерттелуі мен мәліметтердің жинақталуы кеңес уақытына жатады. Аталған кезеңде зергерлік бұйымдарды аймақтық тұрғыда зерттеу бағыттары қалыптасты, бұл өз кезегінде Қазақстан аумағындағы көркемдік мектептердің локалды ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік берді. Батыс және Шығыс Қазақстан өңірлеріне тән әшекейлердің көркемдік-стилистикалық белгілері алғаш рет С.И. Руденконың 1927 жылғы еңбегінде сипатталды. Бұдан кейінгі зерттеулерде Қазақстанның өзге аймақтарына тән зергерлік бұйымдардың формасы, техникасы және семантикалық мазмұны кеңірек қарастырылды. Бұл бағытта елеулі үлес қосқан зерттеушілер қатарында А.Н. Бернштам (Бернштам 1940), М.П. Грязнов (Грязнов 1958), В.В. Востров (Востров 1959), Э.А. Масанов (Масанов 1961), И.В. Захарова мен Р.Д. Ходжаева (Захарова, Ходжаева 1964), Н.А. Оразбаева (Оразбаева 1970), Б. Ыбраев (Ибраев 1980), Ө. Жәнібеков (Джанибеков 1982), Л.И. Ремпель (Ремпель 1983), А.К. Ақышев (Акишев 1984), Ә.Х. Марғұлан (Марғұлан 1994), Х.А. Арғынбаев (Арғынбаев 1987), И.П. Засецкая (Засецкая 1994), А. Сейдімбек (Сейдімбек 1997) еңбектерін атауға болады. Аталған авторлар қазақ зергерлік өнерін түрлі қырынан қарастырып, оның этномәдени, әлеуметтік және семиотикалық маңызын ғылыми айналымға енгізді. Жинақталған мәліметтер негізінде зергерлік дәстүрдің тарихи даму кезеңдері, аймақтық мектептері, қолданылған материалдары мен технологиялары, сонымен қатар бұйымдардың символикалық және ритуалдық қызметтері жүйеленіп, бүгінгі күнгі академиялық зерттеулерге арқау болды.

Қазақтың дәстүрлі көркем металл бұйымдарын зерттеу саласында Ш.Ж. Тоқтабаеваның еңбегі ерекше орын алады. Ол 1984 жылы КСРО Ғылым академиясының Миклухо-

Маклай атындағы Этнография институтында «XVIII–XX ғасырлардағы қазақ әйелдерінің зергерлік әшекейлері» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғап, ұлттық зергерлік мұраның әлеуметтік-мәдени маңызын ғылыми тұрғыдан негіздеді. Зерттеушінің ғылыми ізденістері жалғасын тауып, 2005 жылы Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында «XVIII–XX ғасырлардағы қазақтың көркем металдары: тарихи-этнологиялық зерттеу» тақырыбында докторлық диссертациясын сәтті қорғады. Бұл жұмыс қазақ қолөнеріндегі металды өңдеу дәстүрінің тарихи сабақтастығын, технологиялық ерекшеліктерін және символикалық мазмұнын жан-жақты қамтыған кешенді зерттеу ретінде танылды.

Көпжылдық ғылыми еңбектің нәтижесінде Тоқтабаева авторлығымен бірқатар іргелі басылымдар жарық көрді. Олардың қатарында қазақ зергерлігінің көркемдік және тарихи құндылығын танытатын «Шедевры Великой степи», «Серебряный путь казахских мастеров» (Тоқтабаева 2005), мол иллюстрациялық материалдармен толықтырылған «Қазақ зергерлік әшекейлері» атты альбомдық еңбегі бар (Тоқтабаева 2011). Бұл жарияланымдар отандық зергерлік өнерді ғылыми тұрғыда сипаттап қана қоймай, оның халықаралық деңгейде танылуына да үлес қосты.

Қазақстан аумағындағы зергерлік өнердің қалыптасу және даму үдерісін зерделеуде археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде табылған әшекей бұйымдар ерекше ғылыми мәнге ие. Б.з.д. XVII–VII ғасырларға жататын зергерлік заттар еліміздегі неолит, энеолит, қола және ерте темір дәуірлеріне тән мәдениеттердің көркемдік дәстүрін сипаттайды.

Ерте дәуірлердегі зергерлік бұйымдардың үлгілері Жетісу өңіріндегі бірқатар ескерткіштерден анықталған. Атап айтқанда, б.з.д. V–IV ғасырлармен мерзімделетін Есік (Акишев 1984), Қатартөбе (Онгарулы и др. 2020: 321), Көктума қорғандарынан табылған алтын әшекейлер – сақ кезеңі зергерлерінің жоғары шеберлік деңгейін айғақтайды. Сондай қатар Ерменсай жерлеуі, Қарғалы көмбесінен (б.з.д. II–I ғғ.) табылған күрделі композициялы алтын тәж, сол сияқты Орталық, Шығыс және Батыс Қазақстан аумағынан шыққан түрлі зергерлік артефактілер де бұл өнердің кең таралғанын дәлелдейді.

Қазақтың зергерлік өнері сақ, үйсін, ғұн, қаңлы және т.б. б.з.д. VII–IV ғғ. Қазақстанның жерін мекендеген тайпаларымен тығыз генетикалық байланыста болғаны дәлелденген. Бұл сабақтастық көркемдік стиль, символика мен техникалық тәсілдердің ұқсастығы арқылы байқалады.

Қазақстан аумағындағы қола дәуіріне жататын қорымдардан табылған сырғалар, жүзіктер, қапсырмалар мен алқалар тәрізді бұйымдар көне шеберлердің технологиялық жетістіктері мен көркемдік ұстанымдарын паш етеді. Заманауи қазақ зергерлігінің кейбір үлгілері осы бұйымдармен формалық және стилистикалық жағынан елеулі үндестікке ие екені аңғарылады.

Ғалымдардың пайымынша, қола дәуірінің сәндік элементтері мен ою-өрнектері күрделі геометриялық құрылымдармен сипатталады (Рудковский 2013: 69). Олар шартты түрде «меандр», «үшбұрыш», «кілемдік композициялар», «свастикалық мотивтер» және өзге де геометриялық үлгілерге жіктеледі (Усманова 2010: 91). Бұл өрнектер кейінгі дәуірлерде де сәндік жүйенің маңызды компоненті ретінде сақталып, қазақ зергерлік өнерінің көркемдік тіліне елеулі ықпал еткен.

Сақ дәуіріне жататын ескерткіштер сақ мәдениетінің ең маңызды ерекшелігі болып табылатын «аң стилінің» көркемдік үлгілерін көрсетеді. Аң стилі – бұл жануарлар мен

құстардың бейнесін өнерде қолданудың ерекше тәсілі, оның алғашқы кезеңдерінде жануарлардың реалистік, нақты бейнелері орын алған (Самашев и др. 2007: 18-19). Кейіннен аңдардың құрсақтағыдай бүктелген бейнелері кең таралып, сақ өнерінің басты элементіне айналды. «Аң стилінде» жануарлар мен құстар көбінесе симметриялық, геральдикалық композицияларда (сурет 1), жеке мүсіндер мен фигуралар ретінде бейнеленген. Бұл бейнелерде көбінесе тек жануарлардың басы, мүйізі немесе тұмсығы көрініс табады, олар символикалық және эстетикалық тұрғыда ерекше мәнге ие.



Сур. 1. Көшпелілер өнеріндегі ең кең таралған аңдық бейнелері – бұғы мен құстың суреті бейнеленген қаптырма. Геральдикалық стиль. Жалаулы қазынасы. Жетісу.

Б.з.д. VII-VI ғасырлар. (Самашев және т.б., 2007: 17)

Fig. 1. A plaque featuring two of the most prominent animalistic motifs in ancient nomadic art – the deer and the bird. Rendered in a heraldic style. The object originates from the Zhalaui Hoard, located in the Zhetysu region, and dates to the 7th-6th centuries BCE. (Samashev et al., 2007: 17)

Қазақтарда сақина мен жүзік – қалыңдықтың жасауына кіретін маңызды бұйымдардың бірі, әсіресе Жетісу өңірінде кең тараған. Оларға сәндік қана емес, және де қорғаныштық қасиет те телінген, бұл қасиет көбіне олардың пішіндік символикасымен күшейтілген. Мысалы, Қазақстанда кең таралған, қасты бөлігі құс тұмсығына ұқсас етіп жасалған жүзіктер ерекше қорғаныш қасиетіне ие деп есептеледі (сурет 2). Бұл бейне сақ дәуірінен бастау алады және басқа да әшекейлердің көркем құрылымында жиі кездеседі.



Сур. 2. Құсмұрын жүзік. Күміс. Техникасы: құйма, бүршіктеу, бедерлеу. Өлшемі: 2,5х 1,5 см.

Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейі. Фото авторы: А. Айтбаева

Fig. 2. Kusmuryn Ring. Silver. Technique: casting, granulation, embossing. Dimensions: 2.5 × 1.5 cm.

Zhambyl Regional Museum of History and Local Lore. Photo by: A. Айтбаева

Сақ өнерінде қолданылған бейнелеу әдісінің құрылымы мен табиғатқа деген ерекше көзқарас анық байқалады. Бұл стильдің ерекшелігі – тек сыртқы бейнелеуден ғана емес, сол арқылы өмірге, дүниетанымға деген терең түсінік пен көзқарас көрініс табады. В.В. Гольмстен және М.П. Грязнов сақтардың бейнелеу мәнерін мифтік аң мен жануарлардың символдық мазмұнын білдіретін тотем ретінде түсіндіруге тырысты ([Өмірбекова 2004: 66](#)). Бұл тұжырым сақ өнеріндегі жануарлардың бейнелерінің, әсіресе тотемдік сипаттағы бейнелерінің мәдени және рухани мәнін айқындайды. С.В. Киселев пен Н.Я. Марр болса, «рулық қоғамның құлдырау тұсында көшпелілердің тотемдерінің образдары бір тұтас композицияларға айналды» деп, тотемдердің өнерде үйлесімді тұтас композицияларға айналу процесін атап өтті ([Өмірбекова 2004: 65-66](#)). Тотемдердің қалыптасуы тек руға қатысты болған жоқ, олар көшпелі қоғамның дүниетанымындағы терең өзгерістердің нәтижесі болды. Бұл құбылыс табиғатпен тығыз байланысты өмір сүрген қоғамның ішкі рухани жағдайының әсерінен туған. Сақ өнері мен олардың дүниетанымындағы тотемдік бейнелер осы мәдениетке тән табиғат пен қоғам арасындағы тығыз байланысты көрсетеді.

Б.з.д. III-IV ғғ. соңында көшпелі сарматтар, ғұндар, юечжи және үйсін тайпаларының келуі Ортаазиялық аймақтарда терең әлеуметтік, мәдени және саяси өзгерістерге әкелді. Бұл этномәдени топтардың өздерінің өмір салты мен тұрмысында сақтармен ұқсастық танытқаны анықталды. Әсіресе үйсіндер, сақтар секілді, көшпелі мал шаруашылығына негізделген тұрмысқа ие болды, және бұл олардың материалдық мәдениетінде ерекше орын алды. Үйсіндердің тұрмыс заттары мен бұйымдары жануарлардың нақты әрі фантастикалық бейнелерімен әшекейленді (сурет 3), кейінірек осы элементтердің орнын оюланған мотивтер мен геометриялық өрнектер алмастырды.



Сур. 3. Қарғалы диадемасы – б.з.д. II–I ғғ. жататын, Жетісу өңірінен табылған көрнекті өнер туындысы. Полихромды стильде орындалған (Самашев және т.б., 2007: 42)

Fig. 3. The Kargaly Diadem is an outstanding work of art dating to the 2nd–1st centuries BCE, discovered in the Zhetysu region. Executed in the polychrome style (Samashev et al., 2007: 42)

Осы кезеңнің ерекшелігі, сақтардың «аң нақыштағы» өнерінің ғұн-сарматтар мәдениетінде жаңа мәнге ие болып, полихромды стильде жалғасуы болды. Ғұн-сарматтардың «полихромды стилі» көп түсті ендірімелер арқылы өз көрінісін тапты, ал түстер мен формадағы айқын контрасттар эстетикалық және декоративті мақсатта қолданылды.

Алғашқы кезеңдерде сақтардың аң бейнелері көзге түссе, ғұн-сарматтарда оның орнына декоративті-эстетикалық мәні бар оюлы бейне мотивтері пайда болды. Бұл бейнелер әуелі нақты жануарларды бейнелеуден гөрі, зооморфты схемаларға көбірек ұқсады. Геометриялық мотивтердің кең таралуы, әсіресе олардың оюлы композициялардың ортасында болмауы, әртүрлі бөлшектердің байланысын айқындайтын сызықтармен ерекшеленуі, осы кезеңнің өнерінің негізгі ерекшелігі болды. Ғұн-сармат дәуірінің «полихром стилі» көпбояулы және геометриялық элементтері бар өрнектерді қамтыды. Бұл кезеңдегі зергерлік бұйымдардың басты ерекшелігі – көп түсті материалдарды пайдалану арқылы әшекейлерді сәндеу. Заттардың пішіні мен өрнектерінде геометриялық нақыштар басым болды (сурет 4). Әшекейлер, әсіресе диадема, самайға тағылатын шашбау, сырға мен алқа сияқты бұйымдарда полихромды стиль айқын көрініс тапты, олар ортақ көркемдік белгілермен біріктірілген: зер өрнегі, асыл тастар мен түрлі қондырмалар (Хасенова 2023: 97). Қолөнердің жаңа түрлері, мысалы, түсті тастармен инкрустация, қола өңдеу және филигрань техникасы қолданылды (Горячев и др. 2021: 107-110).



Сур. 4. Бас киім әшекейінің бөлшегі (диадема). Қанаттас 19 обасы. Орталық Қазақстан.

ҚР Ұлттық музейі. IV–V ғғ. Материалы: Алтын, әр түсті анарлар, кіріптас. Техникасы: соғу, бүршіктеу, бедерлеу. Фото авторы: А. Айтбаева

Fig. 4. Fragment of a headdress ornament (diadem). Qanattas 19 burial mound. Central Kazakhstan. National Museum of the Republic of Kazakhstan. 4th–5th centuries CE. Materials: gold, multicolored garnets, glass paste. Techniques: forging, granulation, embossing. Photo by: A. Айтбаева

Қазақ зергерлік өнерінің келесі даму кезеңі б.з.д. I мыңжылдықта Қаратаудың солтүстік баурайындағы ерте отырықшы қоныстармен тығыз байланысты болды. Бұл кезде жергілікті тұрғындар мал шаруашылығымен қатар жер өңдеумен де айналысқан. Осы кезеңде көркем мәдениет екі негізгі бағытта дамыды: таулы-далалы көшпелілер мен отырықшы жер өңдеушілердің өнері. Қалалық және жартылай көшпелі мәдениеттер өзара ықпалдасып, біртіндеп терең араласып, жаңа синтезді – соғды-түркі және араб-иран-түркі элементтерін туындатты. Бұл екі мәдениет саласы бірте-бірте бірігіп, жаңа өнер формаларын қалыптастырды. Геометриялық стильдің таралуы дәл осы кезеңнен бастау алады. Сонымен қатар, дала өнерінде жануарлар әлемінің бейнелері өзінің орнын сақтап, кеңінен тарала берді.

V–VI ғасырлардан бастап Қазақстан аумағында түркі тайпаларының мәдениеті қалыптаса бастайды, бұл кезеңнің зергерлік өнері ерекше және бірегей болып табылады. Бұрынғы жануарлар бейнелерінен айырмашылығы, бұл кезеңдегі өнерде заттардың бүкіл беті өсімдік немесе өрілген өрнектермен безендіріліп, қозғалыс пен үдерістің үздіксіз көрінісі жасалды. Дегенмен, жануарлардың бейнелері әлі де заттардың өрнегі ретінде танымал болды, бірақ олардың бейнелері сақтардың «аң нақышындағы» өнеріне қарағанда айтарлықтай өзгеріске ұшыраған. Қазіргі зергерлік бұйымдарда жануарлардың тек жеке бөлшектері немесе басы ғана кездеседі. Осы кезеңде тұрмыстық бұйымдарда адам мен жануардың бейнелерінің жанрлық көріністері жиі кездесіп, жаңа көркемдік тәсілдерге негізделген өнер туындылары пайда болды.

VIII ғасырдың соңында Қазақстан жерінде ислам дінінің әсері материалдық мәдениетке айтарлықтай ықпал етті. Бұл кезеңде зергерлік өнердің қолданбалы сипаты күшейіп, көркем бейнелердің бастапқы функционалды мәндерінен алшақтау үрдісі байқалды. Исламдағы антропоморфтық бейнелерге қатысты шектеулер адамның кескіндерін бейнелеуге мүмкіндік бермеді.

Алайда, ежелгі дәстүрлердің сақталуы мен жаңа діни ықпалдардың тоғысуы мәдени синтездің қалыптасуына жолашты. Түркі билеушілерінің аймақтағы орнығуы Қазақстанға

ірі этностардың миграциясымен қатар жүріп, ирантілдес және түркітілдес халықтардың тағдырларының, мәдениеттерінің, діндерінің және өнерлерінің интеграциясына әсер етті. Бұл өз кезегінде қазақ жерінде полиэтникалық құрылымдардың қалыптасуына ықпал етті, оның ішінде қарлұқ пен қыпшақ мемлекеттері де болды. Олардың зергерлік өнерінде айрықша сипаттар болды, атап айтқанда, металдан және күмістен жасалған бұйымдардағы сәндік жазбалардың шекаралықтығы мен бедерлігі басты ерекшеліктердің бірі болды.

Ерте ортағасырлық кезеңдегі (б.з. X ғасырына дейінгі) Қазақстанның көркем мәдениеті түрлі этномәдени ағымдардың тоғысында дамыды. Бұл дәуірде өнердің жаңа бағыттары ерте көшпелі тайпалардың өзіндік мәдени ерекшеліктері мен оңтүстіктегі егіншілікпен айналысқан аймақтардың қалыптасқан отырықшы мәдениетінің әсерінен жаңаша сипат алды. Осылайша, көркем мәдениет синкреттік түрде дамып, екі түрлі мәдени дәстүрдің өзара ықпалына негізделді.

Зергерлік өнерде байқалған маңызды өзгерістердің бірі – бұрын кең таралған «аң стилі» мен антикалық реализмнің біртіндеп қолданудан шығып, көркемдік тілден алыстай бастауы болды. Бұл құбылыс мәдениеттегі идеологиялық өзгерістер мен көркемдік бағыттардың эволюциясын көрсетеді. Жануарлар бейнесі мен табиғи шынайылықтан алыстап, көркем тілдің абстракция мен символизмге бағытталуына жол ашты (сурет 5). Осылайша, X ғасырға дейінгі Қазақстанның көркем мәдениеті тарихи, әлеуметтік және мәдени процестердің ықпалымен жаңа бағытқа бет бұрып, кейінгі ортағасырлық кезеңнің көркемдік формаларының негізін қалады.



Сур. 5. Сырға. Материалы: алтын. X-XII ғғ. Тараз. Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі.

Фото авторы: А. Айтбаева

Fig. 5. Earring. Material: gold. 10th–12th centuries CE. Taraz. Collection of the National Museum of the Republic of Kazakhstan. Photo by: A. Айтбаева

XIII-XIV ғғ. жататын зергерлік бұйымдардың құрамы мен пішініне ерекше көңіл бөлген, декоративті элементтер басым болды. Мысалы, осы кезеңге жататын зергерлік бұйымдарға Астана қаласының маңындағы Бозоқ ортағасырлық қалашықтан табылған күміс білезіктерді жатқызуға болады (сурет 6). Білезіктер XIII-XIV ғғ. жататын билеуші әйел жерлеуінен шыққан. Күміс білезіктердің шеттері арыстанның басы бейнеленген, диаметрі 6 см, ал ені 1,2 см. Оларға ұқсас аналогтар Крым мен Еділ маңынан табылған көмбелерде көп кездеседі. Білезіктер Алтын Орда кезеңінде әлеуметтік дәрежесі жоғары әйелдердің сәндік әшекейі ретінде пайдаланған (Билялова 2020: 229-231).



Сур. 6. Арыстан бет-әлпеті бейнелеген күміс білезіктер. Ортағасырлық Бозоқ қалашығы.

XIV ғасыр. Солтүстік Қазақстан. (Билиялова 2020: 229)

Fig. 6. Silver bracelets decorated with lion mask motifs. Medieval settlement of Bozok. 14th century. Northern Kazakhstan. (Bilyalova 2020: 229)

XV ғасырда қазақ халқының қалыптасуы кезеңі үлкен тарихи өзгерістермен ерекшеленеді. Осы уақытта «Ұлы Жібек жолының» маңыздылығы төмендегенімен, көшпелі мал шаруашылығының ықпалымен қазақтар өздерінің мәдениетін, тілін және дәстүрін сақтап, Ұлы даланың түпкі жерлерінде өмір сүруді жалғастырды. Көшпелі қоғамның құрылымы мен өмір салты, әсіресе оның материалдық мәдениеті, осы кезеңде айтарлықтай дамып, дәстүрлі зергерлік өнер саласында да өзіндік із қалдырды.

XV-XVIII ғасырлар аралығында қазақтың дәстүрлі зергерлік өнері елеулі дамып, өзіне тән ерекшеліктерді қалыптастырды. Бұл кезеңде зергерлік бұйымдардың композициясы, пішіні мен ою-өрнектердің қолданылуы ерекше мәнге ие болды. Әрбір ру өзінің мәдениетінде арнайы өрнек үлгілерін қолданды, бұл өрнектер эстетикалық мән ғана емес, мәдени идентификация мен әлеуметтік мәртебе көрсету құралы болды. Көшпелі қоғамда әрбір әшекейдің, соның ішінде киімдер мен бас киімдердің, киім-кешек пен қару-жарақтың оюлары әлеуметтік мәртебенің, адамның руы мен тегінің айқын белгісі ретінде қызмет етті.

Зергерлік бұйымдардың дизайнында белгілі бір құрылым мен жүйе қалыптасты. Әшекейлерде композицияның үйлесімділігі мен тұтастығы басты назарда болды. Бұл элементтер бір-бірімен үйлесіп, өзара логикалық байланыс орнатып, дәстүрлі өнердің тұтастығын сақтады. Композицияның осындай біртұтастығы мен үйлесімділігі халықтың тұрмыстық және діни түсініктерінің көрінісі ретінде зергерлік бұйымдардың маңызын арттырды.

Зергерлік бұйымдардың пішініне ерекше көңіл бөлінді. Бұйымдардың формасы мен пішіні функционалды талаптармен қатар, көркемдік талаптарға да сәйкес болды.

Әшекейлердің пішіні дәстүрлі нормаларға сәйкес келе отырып, оның эстетикалық қабылдауы маңызды орын алды. Осылайша, әрбір бұйым тек сәндік элемент ретінде ғана емес, қоғамдық және мәдени құндылықтарды сақтаушы рөлін де атқарды.

Асыл тастар зергерлік өнерде ерекше маңызға ие болды. Олардың түсі мен пішіні тек әшекейлердің сұлулығын арттырып қана қоймай, сонымен бірге олар сиқырлы-діни мазмұнды да білдірді. Асыл тастар адамның рухани әлемі мен әлемдік тәртібінің арасындағы байланыс ретінде қарастырылды. Әшекейлерде қолданылатын асыл тастардың символикалық мәні олардың діни және мәдени маңызының көрінісі болды.

Дәстүрлі қазақ зергерлік өнерінде көптеген ою-өрнек түрлері кеңінен қолданылды. Оларға геометриялық, өсімдік, зооморфты және космогониялық ою-өрнектер жатады (Тоқтабаева 2011). Бұл ою-өрнектердің әрқайсысы өзіне тән символикамен ерекшеленіп, қоғамдағы терең діни және мәдени ұғымдарды білдірді. Геометриялық өрнектер, мысалы, ғарыштық немесе табиғат құбылыстарын бейнелесе (сурет 7), зооморфты өрнектер жануарлардың символикасын көрсетіп (сурет 8), олардың рухани маңызын білдірді. Космогониялық өрнектер әлемнің құрылымын, табиғаттың заңдылықтарын көрсету үшін қолданылды.



Сур. 7. Күміс білезік. Материалы: күміс. Техникасы: қалыптама, қаралау, оймалау.

XVIII ғ. Меркі аудандық тарихи-өлкетану музейі. Фото авторы: А. Айтбаева

Fig. 7. Silver bracelet. Material: silver. Techniques: casting, niello, engraving. 18th century.

Merke district museum of History and Local Lore. Photo by: A. Айтбаева



Сур. 8. Күміс білезік. Тараз қалашығындағы №1 көмбеден табылған. XI ғ. - XII ғ. басы. «Ежелгі

Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени қорығы. Фото авторы: А.Айтбаева

Fig. 8. Silver bracelet. Discovered in Hoard № 1 at the Taraz settlement. 11th – early 12th century. State Historical and Cultural Reserve «Monuments of Ancient Taraz». Photo by: A. Aitpaeva

XIX ғасыр қазақ халқының зергерлік өнерінің дамуының маңызды кезеңі болып табылады. Бұл кезеңде дәстүрлі қазақ зергерлік бұйымдары аймақтық ерекшеліктеріне қарай бірнеше мәнерлік бағытқа бөлініп, әр аймақтың өзіндік ерекшеліктері айқындалды.

Солтүстік Қазақстан – бұл аймақта зергерлік бұйымдардың пішіні мен ою-өрнек үлгілері қарапайым және қатаң сызықтармен ерекшеленді. Бұйымдардың түсі мен құрылымы жиі біртекті болып, көркемдік ерекшеліктер аз болғанымен, функционалды ерекшеліктері мен қарапайымдылығы басым болды.

Орталық Қазақстан – орталық аймақтың зергерлік бұйымдарына тән белгі - өрнектердің айқын әрі күрделі композициялары. Бұл жерде әшекейлердің пішіні мен құрылымы заманауи элементтермен толықтырылып, шеберлік пен стильдің жоғары деңгейі байқалады.

Шығыс пен Батыс Қазақстан – шығыстық және батыстық аймақтардағы зергерлік өнерде геометриялық және зооморфты ою-өрнектер жиі қолданылды. Әшекейлердің түсі мен құрылымы әртүрлі мәдени ықпалдарды көрсетіп, бай әрі әртүрлі өрнектермен безендірілді.

Оңтүстік Қазақстан – оңтүстік аймақтың зергерлік бұйымдары түрлі түсті асыл тастармен әшекейленіп, көпбояулы өрнектер мен стилдер кеңінен қолданылды. Бұл аймақта ою-өрнектер мен композициялық шешімдер көркемдік тұрғыдан өте бай әрі өзгеше болды.

XX ғасырдың басында металдан жасалған бұйымдардың өндірісі айтарлықтай қысқарды, және бұйымдардың пішіні мен өрнектері өзгерістерге ұшырады. Бұл кезеңде боялған фондар, шыны, түсті эмаль сияқты материалдар қолданылып, полихромды мәнердің күшеюі байқалды. Өрнектерде кейде әртүрлі бейнелер мен мотивтер орын алды, бұл өнердің сәндік және эстетикалық деңгейін арттырды. Мысалы, сақтардан қалған аң нақыштағы өнердің ізі де байқалады (сурет 9). Қалын күміс білезіктер, кеуде әшекейлері, белдіктердің айылбасы және ат-әбзелдері дәстүрлі қазақ стилінде жасалды, бірақ олар жаңа мотивтер мен бейнелеу тақырыптарымен байытылды. Бұл кезеңде ою-өрнектердің жанрлық диапазоны кеңейіп, зергерлер нақты бейнешілдікке ұмтылды, ал бұйымдардың құрылымы мен сәні жаңа көркемдік тенденциялармен толықтырылды (Маргулан 1994: 130-132 бб.).



Сур. 9. Жылан бейнеленген күміс білезік. XX ғасыр. Қазақстан Республикасы Ә. Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейінің қоры. Фото авторы: А. Айтбаева
Fig. 9. Silver bracelet with a snake motif. 20th century. Collection of the A. Kasteyev State Museum of Arts of the Republic of Kazakhstan. Photo by: A. Айтбаева

Талқылау

Қазақ халқының зергерлік өнері тарихи дамудың әр кезеңінде маңызды өзгерістерге ұшырады, олардың әрқайсысы қоғамның әлеуметтік құрылымы мен мәдениетінің өзгерістеріне тікелей байланысты болды. Зергерлік бұйымдар тек көркемдік құндылық қана емес, сонымен қатар халықтың дүниетанымын, рухани дүниесін, әлеуметтік мәртебесін және тарихи жолын бейнелейтін маңызды құрал болды. Бұл зерттеуде зергерлік өнердің тарихи кезеңдердегі эволюциясын, оның негізгі стильдеріне қатысты өзгешеліктер мен олардың мәдени маңызын талқылау маңызды.

Зергерлік өнердегі сақтардың «аң нақыштағы» өнері мен ғұн-сарматтардың полихромды стилінің әсері.

Қазақ зергерлік өнерінің дамуына сақтардың «аң стилі» үлкен ықпал етті. Бұл нақыш ерте көшпенділердің дүниетанымын, табиғатқа деген қатынасын бейнелейтін ерекшеліктерді көрсетті. Жануарлар мен құстардың реалистік бейнелері, олардың қозғалысы мен формасы өнерде маңызды орын алды. Әсіресе, жануарлар бейнесі тотемдік сипатта болды, яғни олар адамның табиғатпен байланысты философиялық және діни түсініктерін білдірді. Бұл стильдің қолданылуы көшпелі халықтың рухани қажеттіліктерін толықтай қанағаттандырды. Ал «полихромды стиль» жануарлардың бейнесін декоративті-эстетикалық жағына көбірек бағдарландырды. Бұл стильде аңдардың бейнесі тек символикалық мәнге ие болып, негізінен эстетикалық көзқарастарды қанағаттандыруға бағытталды. Көп түсті ендіrmелер мен геометриялық өрнектерді қолдану өнердің әсемдігін арттырды, бірақ бұл стильде жануарлардың реалистік бейнелері сирек кездесетін болды. Осылайша, полихромды стиль зооморфты мотивтердің біртіндеп абстрактілігіне ауысуын көрсетті (Засецкая 1994: 8-9).

Исламның әсері мен жаңа көркемдік бағыт

VII-VIII ғасырларда исламның ықпалы Қазақстандағы, әсіресе оңтүстік аудандарында зергерлік өнерінде айтарлықтай өзгерістерге алып келді. Исламның келгеніне байланысты жануарлар бейнесі көптеген бұйымдардан алынып тасталып, оның орнына геометриялық және абстрактілі ою-өрнектер пайда болды. Исламдағы бейнелеу өнеріндегі шектеулер, әсіресе адамның және жануарлардың бейнесін жасаудағы тыйымдар қазақ зергерлік өнеріне әсер етті. Нәтижесінде, бұйымдарда жануарлар мен адамдардың бейнесі жиі тек стилизацияланған, абстрактілі түрде ғана көрінді. Осылайша, дәстүрлі зергерлік өнердің дамуында жаңа эстетикалық бағыттар пайда болды.

Зергерлік өнердің символикалық маңызы

Зергерлік бұйымдар әрқашан да тек сәндік элементтерден тыс болған. Олар әлеуметтік мәртебені, діни сенімдерді, билік пен байлықтың символы болды. Әшекейлердің әрқайсысында өзіне тән символизм болды. Мысалы, кейбір бұйымдарда табиғатқа, жануарларға, өсімдіктерге байланысты символдық мәндер болды, ал басқаларында әлеуметтік статусты немесе діни көзқарастарды білдіретін элементтер болды. Бұл бұйымдар қоғамның ішкі құрылымын, оның құндылықтары мен түсініктерін айқындады. Зергерлік өнерде жануарлар бейнесінің сақталуы қазақ халқының табиғатпен тығыз байланысын және көшпелі өмір салтының ерекше маңызды болғанын көрсетеді.

Сонымен қатар, исламның әсерінен абстрактілі көркемдік тілдің қалыптасуы қазақ зергерлік өнерінде жаңа кезеңнің басталуын білдірді.

Дәстүр мен жаңашылдықтың бірігуі

Қазақ зергерлік өнерінің эволюциясы біртіндеп дәстүр мен жаңашылдықтың арасындағы тепе-теңдікті іздеуге ұласты. Жаңа дәуірдің әсері, соның ішінде ислам мен түркі мәдениеттерінің ықпалы, өнердің көркемдік формаларын өзгерткенмен, дәстүрлі элементтер мен стильдер сақталды. Осылайша, қазақ зергерлік өнері әртүрлі мәдениеттер мен дәстүрлердің синтезі ретінде дамып, өздерінің заманауи ерекшеліктерін қалыптастырды. Бұл синтез қазақ халқының өзіндік мәдени мұрасын сақтау мен жаңарту жолындағы маңызды қадам болып табылады. Зергерлік бұйымдар тек сәндік элементтер ретінде ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік мәртебе, діни сенімдер мен дүниетанымды білдіретін құрал ретінде де маңызды болды. Бұл бұйымдар қазақ халқының табиғатқа, қоғамға және діни сенімдерге деген көзқарасын айқын көрсетеді. Зергерлік өнердің эволюциясы дәстүр мен жаңашылдықтың арасындағы тепе-теңдікті сақтап, қазақ мәдениетінің бірегейлігін білдіретін жаңа бағыттар қалыптасты. Бұл өзгерістер қазақ зергерлік өнерінің заман ағымына сай дамып, жаңа эстетикалық тіл мен стильдерді енгізуіне себеп болды.

Қорытынды

Қазақ халқының зергерлік өнері – ежелгі дәуірден бүгінге дейін үздіксіз дамып келе жатқан ұлттық мәдениеттің көрнекті көрінісі. Бұл өнер түрі тек эстетикалық мәнге ие емес, сонымен қатар терең тарихи, әлеуметтік және философиялық мазмұнға бай. Сақтар кезеңіндегі аң стилінен бастау алған зергерлік дәстүрлер кейінгі ғасырларда мен ғұн-сармат дәуірінің полихромды өрнектермен, исламдық символикамен және түркі өркениетінің мәдени ықпалдарымен толықты. Әрбір тарихи кезең – зергерлік бұйымдар пішіні мен мазмұнының өзгеруіне әсер етіп, сол қоғамның рухани сұранысы мен дүниетанымын бейнелейтін айнаға айналды.

Зерттеу барысында археологиялық деректер мен жазба көздердің, этнографиялық материалдардың негізінде зергерлік өнердің көпқырлылығы мен тарихи сабақтастығы дәлелденді. Әшекейлердің пішіні, стилистикалық және символикалық құрылымдары қазақ қоғамының әлеуметтік стратификациясын, діни наным-сенімдерін, табиғатқа деген қатынасын, эстетикалық талғамын бейнелейді. Сонымен бірге, әрбір бұйым – жеке адамның мәртебесі мен мәдени тегі туралы ақпарат беретін семиотикалық нышан ретінде де бағаланады.

Зергерлік өнердің дамуы – дәстүр мен жаңашылдықтың үйлесімді тоғысуының нәтижесі. Ортағасырлық ислам өркениетінің ықпалы бейнелеу тәсілдерін өзгерткенімен, бұрынғы зооморфтық және геометриялық мотивтер жаңа мағынамен қайта жанданды. Кеңестік кезең мен қазіргі уақыттағы зергерлік мектептердің жетістіктері осы өнердің тек этнографиялық мұра ғана емес, сонымен қатар заманауи мәдени өндірістің маңызды саласы екенін дәлелдейді.

Осылайша, қазақ зергерлік өнері – мәдениеттер сабақтастығын, тарихи өзгерістерді және ұлттық болмысты көркемдік тілмен өрнектейтін бірегей феномен. Бұл өнер түрін терең зерттеу мен насихаттау ұлттық өзіндік сананы нығайтуда, рухани мұраны сақтау мен жас буынға жеткізуде маңызды рөл атқарады.

Acknowledgements

We express our gratitude to the National Museum of the Republic of Kazakhstan, the A. Kasteyev State Museum of Arts of the Republic of Kazakhstan, the Zhambyl Regional Museum of History and Local Lore, the Merke District Museum of History and Local Lore, and the State Historical and Cultural Museum-Reserve «Ancient Taraz Monuments» for the materials provided. We also thank the editorial team and reviewers for their scholarly support of this article.

Алғыс білдіру

Қазақстан Республикасының Ұлттық музейіне, Әбілхан Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өнер музейіне, Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейіне, Меркі аудандық тарихи-өлкетану музейіне және «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығына ұсынылған материалдар үшін алғыс білдіреміз. Сонымен қатар, мақалаға ғылыми қолдау көрсеткен редакция ұжымы мен рецензенттерге ризашылығымызды білдіреміз.

Благодарности

Выражаем благодарность Национальному музею Республики Казахстан, Государственному музею искусств Республики Казахстан имени Абылхана Кастеева, Жамбылскому областному историко-краеведческому музею, Меркенскому районному историко-краеведческому музею, Государственному историко-культурному музею-заповеднику «Ежелгі Тараз ескерткіштері» за предоставленный материал, а также редакции и рецензентам в научном сопровождении данной статьи

Әдебиеттер тізімі

- Арғынбаев Х. *Қазақ халқының қолөнері*. Алматы: Өнер. 1987. 128 б.
- Акишев А. *Искусство и мифология саков*. Алма-Ата: Наука. 1984. 176 с.
- Бернштам А. Золотая диадема из шаманского погребения на р. Карагадинке. *Краткие сообщения Института истории материальной культуры*. 1940. Вып.5. С.23-31.
- Билялова Г. Культурные связи населения Золотой Орды степного Казахстана на примере браслетов с изображением львиных личин. *Journal of History*. 2020. No.97(2), с.227–232. <https://doi.org/10.26577/jh.2020.v97.i2.24>
- Востров В. Некоторые изделия казахских мастеров-зергеров. *Тр. Института истории, археологии и этнографии*. Алма-Ата. 1959. Т.6. С.127-143.
- Георги И. *Описание всех обитающих в Российском государстве народов, их житейских обрядов, обыкновений, одежд, упражнений, забав, вероисповеданий и других достопамятностей*. СПб: Императорская Академия Наук. 1799. Часть II. 132 с.
- Горячев А., Сараев В., Егорова Т., Чернов М. Новые материалы древнего археологического комплекса Каргалинского историко-географического микрорайона. *Kazakhstan archeology* (Kazakhstan archeology). 2021. No.12(2(12), с.87–119. <https://doi.org/10.52967/akz2021.2.12.87.119>

- Грязнов М. *Древнее искусство Алтая*. Ленинград: Государственный Эрмитаж. 1958. 96 с.
- Джанибеков У. *Культура казахского ремесла*. Алма-Ата: Өнер. 1982. 144 с.
- Захарова И., Ходжаева Р. *Казахская национальная одежда*. Алма-Ата: Наука. 1964. 177 с.
- Засецкая И. *Культура кочевников южнорусских степей в гуннскую эпоху (конец IV-V вв.)*. Санкт-Петербург. 1994. 221 с.
- Ибраев Б. Космологические представления наших предков. *Декоративное искусство СССР*. 1980. No.3, с.40-42.
- Масанов Э. Кузнечное и ювелирное ремесло в казахском ауле (вторая половина XIX - начало XX в.). *Тр. Института истории, археологии и этнографии*. Алма-Ата. 1961. Т.12. С.156-170.
- Маргулан А. *Казахское народное прикладное искусство*. Алматы: Өнер. 1994. Т.3. 248 с.
- Оразбаева Н. *Народное декоративно-прикладное искусство казахов*. Ленинград: «Аврора». 1970. 210 с.
- Онгарулы А., Пён Ё., Нам С., Каирмагамбетов А., Ким Ё., Нускабай А., Кызырханов М.. *Катартобе. Некрополь сакской элиты Жетысу*. Нур-Султан – Тэджон. 2020. 464 с.
- Ремпель Л. *Художественная культура Средней Азии IX – начала XIII вв. и проблема «мусульманского искусства»*. Художественная культура Средней Азии IX-XIII веков. Ташкент: Изд-во литературы и искусства им. Гафура Гуляма. 1983. С.4-13.
- Рудковский И. *Андроновская орнаментика в контексте системообразующих инвариантов*. Алматы. 2013. 192 с.
- Самашев З., Джумабекова Г., Базарбаева Г., Онгар А. *Древнее золото Казахстана*. Алматы. 2007. 160 с.
- Сейдімбек А. *Қазақ әлемі*. Алматы: Санат, 1997. 464 б.
- Тоқтабаева Ш. *Қазақ зергерлік әшекейлері*. Алматы: Өнер. 2011. 154 б.
- Тоқтабаева Ш. *Серебряный путь казахских мастеров*. Алматы: Дайк-Пресс. 2005. 474 с.
- Усманова Э. *Костюм женщины эпохи бронзы. Опыт реконструкций*. Лисаковск-Караганда. 2010. 176 с.
- Өмірбекова М. *Сақ (скиф) тарихы мен мәдениеті*. Алматы: Зият-Пресс. 2004. 112 с.
- Хасенова Б. Женские украшения гунно-сарматского времени Казахстана. *Kazakhstan archeologiyasy (Kazakhstan archeology)*. 2023. No.4(22), с.86–100. <https://doi.org/10.52967/akz2023.4.22.86.100>

References

- Arğynbaev Kh. *Qazaq halqynyñ qolöneri*. Almaty: Oner Publ. 1987. 128 p. (in Kazakh)
- Akischev A. *Iskusstvo i mifologija sakov*. Alma-Ata: Nauka Publ. 1984. 176 p. (in Russian)
- Bernshtam A. Zolotaia diadema iz shamanskogo pogrebeniia na r. Karagalin'ke. In: *Brief Communications of the Institute for the History of Material Culture*. 1940. Iss.5, pp.23–31. (in Russian)
- Bilyalova G. Kul'turnye svjazi naselenija Zolotoj Ordy stepnogo Kazahstana na primere brasletov s izobrazheniem l'vinyh lichin. *Journal of History*. 2020. Vol.97(2), pp.227–232. <https://doi.org/10.26577/jh.2020.v97.i2.24> (in Russian)
- Vostrov V. Nekotorye izdeliia kazakhskikh masterov-zergerov. In: *Proceedings of the Institute of History, Archaeology and Ethnography of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR*. Alma-Ata. 1959. Vol.6, pp.127–143. (in Russian)

- Georgi I. *Opisanie vseh obitajushhih v Rossijskom gosudarstve narodov, ih zhitejskih obrjadov, obyknovenij, odezhd, uprazhnenij, zabav, veroispovedenij i drugih dostopamjatnoste*. I. Georgi. St. Petersburg: Imperial Academy of Sciences Publ. 1799. Part II. 132 p. (in Russian)
- Gorjachev A., Saraev V., Egorova T., Chernov M. Novye materialy drevnego arheologicheskogo kompleksa Kargalinskogo istoriko-geograficheskogo mikrorajona. *Kazakstan arheologiyasy (Kazakhstan archeology)*. 2021. No.12(2(12)), pp. 87–119. <https://doi.org/10.52967/akz2021.2.12.87.119> (in Russian)
- Griaznov M. *Drevnee iskusstvo Altaia*. Leningrad: "State Hermitage" Publ. 1958. 96 p. (in Russian)
- Dzhanibekov U. *Kul'tura kazakhskogo remesla*. Alma-Ata: "Oner" Publ. 1982. 144 p. (in Russian)
- Zakharova I., Khodzhaeva R. *Kazakhskaja natsional'naja odezhda*. Alma-Ata: "Nauka" Publ. 1964. 177 p. (in Russian)
- Zaseckaja I. *Kul'tura kochevnikov juzhnorusskikh stepej v gunnskuju jepohu (konec IV-V vv.)*. St. Petersburg. 1994. 221 p. (in Russian)
- Ibraev B. Kosmologicheskie predstavlenija nashikh predkov. In: *Decorative Art of the USSR*. 1980. No.3, pp. 40–42. (in Russian)
- Masanov E. Kuznechnoe i iuvelirnoe remeslo v kazakhskom aule (vtoraia polovina XIX – nachalo XX v.). In: *Proceedings of the Institute of History, Archaeology and Ethnography of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR*. Alma-Ata. 1961. Vol.12, pp.156–170. (in Russian)
- Margulan A. *Kazakhskoe narodnoe prikladnoe iskusstvo*. Almaty: Oner Publ. 1994. Vol.3. 248 p. (in Russian)
- Orazbaeva N. *Narodnoe dekorativno-prikladnoe iskusstvo kazakhov*. Leningrad: Avrora Publ. 1970. 210 p. (in Russian)
- Ongaruly A., Pjon J., Nam S., Kairmagambetov A., Kim J., Nuskabaj A., Kyzyrhanov M. *Katartobe. Nekropol' sakskej jelity Zhetysu*. Nur-Sultan–Tjedzhon. 2020. 464 p. (in Russian)
- Rempel' L. Khudozhestvennaja kultura Srednei Azii IX – nachala XIII vv. i problema «musulmanskogo iskusstva». In: *Artistic Culture of Central Asia in the 9th–13th Centuries*. Tashkent: Gafur Guliam Publ. 1983. Pp.4–13 (in Russian)
- Rudkovskij I. *Andronovskaja ornamentika v kontekste sistemoobrazujushhih invariantov*. Almaty. 2013. 192 p. (in Russian)
- Samashev Z., Dzhumabekova G., Bazarbaeva G., Ongar A. *Drevnee zoloto Kazahstana*. Almaty. 2007. 160 p. (in Russian)
- Seidimbek A. *Qazaq alemi*. Almaty: Sanat Publ. 1997. 464 p. (in Kazakh)
- Toqtabaeva Ş. *Qazaq zergerlik äşekeileri*. Almaty: Oner Publ. 2011. 154 p. (in Kazakh)
- Toqtabaeva Sh. *Serebrjanyj put' kazahskih masterov*. Almaty: Dajk-Press Publ. 2005. 474 p. (in Russian)
- Usmanova Je. *Kostjum zhenshhiny jepohi bronzy. Opyt rekonstrukcij*. Lisakovsk-Karaganda. 2010. 176 p. (in Russian)
- Ömirbekova M. *Saq (skif) tarihy men mädenieti*. Almaty: Ziat-Pres Publ. 2004. 112 p. (in Kazakh)
- Khasenova B. Zhenskie ukrasheniya gunno-sarmatskogo vremeni Kazahstana. In: *Kazakstan arheologiyasy (Kazakhstan archeology)*. 2023. No.4(22), pp.86–100. <https://doi.org/10.52967/akz2023.4.22.86.100>. (in Russian)

Information about authors

Gulzat D. Bilyalova – PhD, Leading Researcher at A.Kh. Margulan Institute of Archaeology, 22 Abai Avenue, Z10G9D4, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0003-1696-6144>, gulzat_84@inbox.ru
Aigerim Ye. Aitbayeva – PhD, Senior Researcher at A.Kh. Margulan Institute of Archaeology, Dostyk Avenue 44, 050001, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0003-1991-7508>, aaitbaeva84@mail.ru

Авторлар туралы мәліметтер

Гүлзат Дулатқызы Біләлова – PhD, А.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының жетекші ғылыми қызметкері, Абай даңғылы, 22, Z10G9D4, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0003-1696-6144>, gulzat_84@inbox.ru
Айгерим Есимкановна Айтбаева – PhD, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының аға ғылыми қызметкері, Достық даңғылы, 44, Алматы қаласы, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0003-1991-7508>, aaitbaeva84@mail.ru

Сведения об авторах

Гульзат Дулатовна Билялова – PhD, ведущий научный сотрудник Института археологии им. А.Х. Маргулана, проспект Абая, 22, Z10G9D4, Астана, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0003-1696-6144>, gulzat_84@inbox.ru
Айгерим Есимкановна Айтбаева – PhD, старший научный сотрудник Института археологии им. А.Х. Маргулана, проспект Достык, 44, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0003-1991-7508>, aaitbaeva84@mail.ru

Contributions by authors

G.D. Bilyalova is the lead researcher who conducted an in-depth critical analysis of the project during the writing process, identified key aspects of the study, and actively contributed to the development of the article's structure, as well as the formulation of scientific conclusions and recommendations. A.E. Aitbaeva prepared the illustrations for the article and carried out work with museum collections.

Авторлар үлесі

Г.Д. Біләлова – жетекші зерттеуші, жазу процесінде жобаның терең сындық талдауын жүргізіп, зерттеудің маңызды аспектілерін анықтап, мақала құрылымын әзірлеуге, ғылыми қорытындылар мен ұсыныстарды қалыптастыруға белсенді қатысты. А.Е. Айтбаева – мақалаға иллюстрациялар әзірлеп, музей қорларындағы жұмыстарды жүзеге асырды.

Вклад авторов

Г.Д. Билялова – ведущий исследователь, в процессе написания провела глубокий критический анализ проекта, определила важнейшие аспекты исследования, активно участвовала в разработке структуры статьи, формулировании научных выводов и рекомендаций. А.Е. Айтбаева – подготовила иллюстрации к статье и провела работу с музейными фондами

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Автор мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. / **Раскрытие информации о конфликте интересов.** Автор заявляет об отсутствии конфликта интересов. / **Disclosure of conflict of interest information.** The author claims no conflict of interest

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 04.08.2025.

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрена рецензентами / Approved by reviewers: 22.08.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 21.09.2025.